



«Қаралды»
Шағын педкеңесте
Хаттама №1
«11» 09 2023

«Келісілді»
Шағын орталық әдіскері:
 Тлеубаева А Е
«11» 09 2023



«Бекітілді»
Мектеп басшысы:
 Хасен Н
«11» 09 2023

**Ұйымдастырылған оқу-ісінің қазақ тілі бойынша жылдық
Күнтізбелік-тақырыптық жоспары
мектепалды тобы**

2023-2024 оқу жылы
«Қарабұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
«Балапан» шағын орталығы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалдысыныбы) «Ақмола облысы білім басқармасының
Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы «Қарабұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ «Балапан» шағын орталығы»

Топ/сынып «Радуга» Мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023-2024 оқу жылы қыркүйек айы

Мерзімі	Өтпелі тақырып	Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Ойындар мен қосымша құралдар
Қыркүйек 1- апта	Балабақша	Менің балабақшам Балабақша бөлмелері	Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету Жаңа сөздермен таныстырып тіл байлығын арттыру; қазақ тіліне т Балаларды бөлмедегі жиһаздардың қазақша атауларымен таныстыру;	«Балабақша» сюжетті - сюжетті - рөлдік ойыны Дидактикалық карточкалар жиынтығы.

2- апта		Балабақша қызметкері	Балаларды өз достары туралы қазақша айта білуге үйрету; өздерінің қай ұлт өкілі екенің айтқызып үйрету; бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.	«Менің достарым» сюжетті - рөлдік ойыны
3- апта		Менің сүйікті ойыншықтарым	Балаларға өздерінің жақсы көретін ойыншық атауларын айта білуге үйрету. қысқаша сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету.	«Ойыншықтар дүкені» сюжетті - рөлдік ойыны
4 – апта		Алтын күз Жеміс- жидектер	Балаларға күз мезгілі туралы екі тілде әңгімелеу. Күздің белгілері, күзгі ауа-рай туралы жаңа сөздерді жаттату. «ү, ұ» әріптерінің дұрыс айтылуын үйрету. Жемістер туралы түсініктерін дамыту.	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойын -алма, алмұрт, қызыл, сары

Қазан 1- апта	Күз	«Ойнайық та, ойлайық!»	-өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту. -меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. -Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	«Кім көп» дидактикалық ойын Сиқырлы дорба ішінен мысалы сиыр мен жылқы ойыншығын сипап сезу арқылы екі топ өз жануарларын табу. а) Сиыр мен жылқы суретін көрсетіп, не айта алатындарын сұрау. (Пайдасы, түсі, көлемі, қасиеті т. б) (Ала, сүтті, мөңірейді, жуас, төлі - бұзау), (Кісінейді, жалы, ертоқым, таға, төлі - құлын).
-------------------------	-----	------------------------	--	---

		«Неше?», «санау?»	<p>-сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. . санамақтар жаттау, тура және кері санау.</p> <p>-Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>- қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>	сан – счет, санамақ – считалка, санау – считать, қанша? неше? – сколько?, алты – шесть, жеті – семь, сегіз – восемь, тоғыз – девять, он – десять.
2- апта	Менің отбасым	Апта күндері	<p>педагогті тыңдау арқылы есте сақтау мен зейінін жетілдіру.</p> <p>- апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету.</p> <p>- қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p>	Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі.
		Менің отбасым, ата-аналар еңбегі	Балаларды отбасы мүшелерінің қазақша атауларын айтқызып үйрету; түсініп, дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. «ә, ө, і» әріптерінің дұрыс айтылуын үйрету.	«Отбасы» сюжетті-рөлдік ойын

3- апта		Ғажайыптар алаң	<p>- қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту.</p> <p>- отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету.</p>	<p>«Ағаштарды ажырату» дидактикалық ойын</p> <p>отбасы – семья, тату тұрамыз – живем дружно, атамның аты – дедушку зовут, әжемнің аты – бабушку зовут, ғажайып алаң – поле чудес.</p>
4 – апта		Мен және менің достарым	<p>- өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру</p> <p>-Топтағы балаларды атымен атауды үйрету, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін үйрету.</p> <p>-Адамдармен өзара түсінісіп, қарым қатынас жасай білуге үйрету.</p>	<p>Сөздік жұмыс: достық, ынтымақ.</p> <p>: дос-друг, ұл-мальчик, қыз девочка.</p>
Қараша 1- апта	Дені саудың жаны сау	Мамандықтың бәрі жақсы	Балаларды мамандық түрлерінің қазақша атауларымен таныстыру. Балабақшадағы мамандық иелерімен таныстыру.	Балабақшадағы маман бөлмелеріне саяхат «Шаштараз» сюжетті-рөлдік ойын
		Менің пәтерім	<p>-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру</p> <p>- қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру.</p>	пәтер – квартира, бөлме – комната, қонақ бөлме – гостиная, дәліз – коридор, асүй – кухня.

2- апта		Менің отаным	Балаларды табиғат аясындағы заттарға қамқорлық жасауға баулу, тақырыпқа сай қазақша сөйлем құрастыра білуді үйрету	«Табиғат аясында» көрнекті суреттер бойынша әңгімелеу. «Қай ағаштың жапырағы» дидактикалық ойын
		Менің бөлmem	-берілген суреттер арқылы бөлмедегі заттарды және олардың не үшін қажеттігін, орналасуын біледі.	<ul style="list-style-type: none"> «ө» қандай дыбыс? заттар - предметы үстел - стол теледидар- телевизор кілем – ковер орындық стул
3- апта		«Зерде» интеллектуалдық ойыны	Балаларға салауатты өмір салтының қажеттілігі жөнінде түсінік беру. Қазақша сөйлем құрастыра білуге үйрету.	«Жақсы деген немене, жаман деген немене?» викториналық сұрақтар
4 – апта		Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)	Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. Екі тілде сөйлеуді дамыту.	«Суреттерден әңгіме құрастыру» дидактикалық ойыны

Желтоқсан 1- апта	Менің Қазақстаным	Еліміздің Астанасы	Нұр-Сұлтан қаласы туралы өлең тақпақтар үйрету, сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру танымдық білімдерін кеңейту, сөздік қорларының белсенділігін арттыру.	«Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық ойын
		Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ	: -алған білімдерін тиянақтау. - сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. - қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.	мақал-мәтел – пословица, жұмбақ – загадка, жаңылтпаш – скороговорка.
2- апта		Әсем қала-Алматы	Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. - сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала) Кө... (көше) Сая.. (саябақ)
		Қыс қызығы	Балаларға қыс мезгілі, қыс айларын жаттату. Қазақша қысқаша әңгімелей білуге үйрету.	«Қыс» туралы өлең, ән жаттату. «Қысқы ойындар» дидактикалық ойын
3- апта		Қолғап ертегісі	-ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. -сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп,	Ертегіні сахналайды ертегі – сказка, қолғап – варежки, тышқан – мышь, бақа – лягушка.

			<p>дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету.</p> <p>есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	
		Жаңа жыл құтты болсын!	<p>-жаңа жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>- қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p>	Аязата – Дед Мороз, Жаңа Жыл – Новый Год, Ақшақар – Снегурочка, сыйлықтар – подарки, шырша – елка.
4 – апта		Менің киімдерім	<p>-киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру;</p> <p>-сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру,</p> <p>-киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету. Киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету.</p>	Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).
		Қысқы орманға саяхат	<p>-ормандағы жануарлар мен құстардың атауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту.</p> <p>- сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.</p>	Ойын «Жалғастыр». Педагогтің қимылына, ым-ишарасына қарап, сөйлемді аяқтайды. Мысалы: Аю ... (үлкен), түлкі ... (кішкене). Құстар ... (ұшады), қасқыр ... (жүгіреді). – Жанурларға тиісуге бола ма?
Қаңтар 1- апта		Ұлттық киімдер	Ұлттық киімдерді дұрыс атауға үйрету. Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.	Сәукеле, бөрік, кимешек, шапан, ішік, тымақ, тақия киемін
		Дене мүшелерінің атқаратын қызметі	<p>-Сөйлеу қабілеті мен танымдық деңгейлерін арттыру, дұрыс сөйлем құрай білуге дағдыландыру.</p> <p>-Дене мүшелер атауларын қолдана отыра жай сөйлемдер құрастыру.</p>	-Дене мүшелері: баспен ойлаймыз аяқпен жүреміз, көзбен көреміз, мұрынмен иіс сеземіз, құлақпен естиміз, қолмен ұстаймыз.

				-Таза, менің, қолым, аяғым, көзім
2- апта		Тазалықты сүйеміз	Заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.: тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету.	Сөздік жұмыс: сүлгі, сабын, тарақ, айна, фишкалар. Біз тазалықты сүйеміз. – Мы любим чистоту. сабын – мыло, тарақ – расческа, сүлгі – полотенце, жөке – мочалка, жуамыз – моем, сүртеміз – вытираем, тараймыз – расчесываем.
		Таңертең не істейміз?	сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.	. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын). Жаттығу ... (жасаймын). Шашымды ... (тараймын). Киімімді ... (киемін). Балабақшаға ... (барамын).
3- апта		Ұлттық ыдыстар	Ұлттық ыдыстар туралы түсінік беру. -Ыдыс атауларын дұрыс,анық айтқызу. -Жаңа сөздерді қолдана отыра жай сөйлемдерді құрастыру.	-Ұлттық ыдыстар:Астау, тостаған, күбі,саба-піспек,торсық. -Ас бөлмесінде, таза, үлкен, кішкентай,бар
		Ыдыс-аяқ дүкені	сөздік қорларын күнделікті ыдыс атауларымен молайту. қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	Билингвалды компонент: ыдыс – посуда, дүкен – магазин, аққұман – чайник для заварки чая, қазан – казан
4-апта		Азық -түлік	Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.	Билингвалды компонент: ет – мясо, жұмыртқа – яйцо, ірімшік – сыр,

			сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	қант – сахар, шырын – сок, тағам – еда.
		Асханада	Білім-дағдыларын бекіту; өткен сөздерді қайталау, бекіту -тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру -Диалогке қатысуға үйрету.ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. -Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	Билингвалды компонент: асхана – столовая, аспаз – повар, пісіреді – варит, күріш – рис, палау – плов, көже – суп.

Ақпан 1- апта	Бізді қоршаған әлем	Әжемнің базарлығы	<p>- Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>- Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру.</p>	Билингвалды компонент: бауырсақ – бауырсақ, құрт – курт, қымыз – кумыс, шұбат – шубат.
		Нан қайдан келеді?	<p>-Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету.</p> <p>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауды үйрету және диалогке қатысып, ауызекі сөйлеу тілдерін жаттықтыру.</p>	<p>Балалар кейіпкерлер сөзін кезекпен мәнерлеп, диалог құрып қайталайды.</p> <p>– Екінші қандай адам? (Екінші – еңбекшіл, еңбекқор адам).</p> <p>– Тышқан қандай? (Тышқан жалқау).</p> <p>Қанатты сөз.</p> <p>Ас атасы – нан, Нан атасы – дән.</p>
2- апта		Үй жануарлары	<p>-Үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын қазақша айтқызып үйрету.</p> <p>-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру,</p> <p>-ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>-үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	Билингвалды компонент: қошақан – ягненок, лақ – козленок, құлын – жеребенок, бұзау – теленок, бота – верблюжонок.
		«Екі лақ» ертегісі	<p>-Ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету.</p> <p>- қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру,</p>	Билингвалды компонент: «Екі лақ» ертегісі – сказка «Два козленка», қойшы – пастух овецөз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.

3- апта	Аулада	<p>Мақсаты: сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру.</p> <p>қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға жаттықтыру.</p>	<p>аула- двор, қаз – гусь, үйрек – утка, күркетауық – индюк, жем – корм.</p>
	Жабайы жануарлар	<p>-жабайы жануарлардың қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Қазақ тіліндегі сөздер мен</p> <p>-сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру.</p>	<p>арыстан – лев, жолбарыс – тигр, маймыл – обезьяна, піл – слон, керік – жираф, үлкен – большой, ұзын – длинный.</p>
4 – апта	Қазақстан барысы ертегісі	<p>-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.</p> <p>-ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.</p> <p>- сөздік қорларын белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру.</p>	<p>барыс – барс, борсық – барсук , жаттығулар жасайды – выполняет упражнения, жарыс – соревнование.</p>
	Көңілді тапқырлар клубы	<p>-өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту.</p> <p>-меңгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана білуге жаттықтыру.</p> <p>- ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру.</p>	<p>Көңілді ойын: «Көңілді тапқырлар клубы»</p> <p>көңілді – веселый, тапқыр – находчивый, қора – сарай.</p>

Наурыз 1- апта	Салттар мен фольклор	Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері	Қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерімен таныстыру, олардың қазақша атауларымен таныстыру, атауларын дұрыс айтуға дағдыландыру.	«Киіз үйдің жабдықтарын атау» дидактикалық ойын
2- апта		Ертегілер елінде. Театр әлемі	Балаларды қазақ ертегілерімен таныстыру. Театр туралы түсінік беру. Қазақша сыпайы сөздерді үйрету, оларды өмірде қолдана білуге баулу.	«Қазақтың халық ертегілері» мультфильмдер жинағы «Жеті лақ» ертегісін сахналау

3- апта		Өнер көзі халықта	Балаларды қазақтың өнерімен таныстыру, қазақша атауларын үйрету. Сөздік қорларын молайту. «ң, һ» әріптерінің айтылуын үйрету.	«Қазақтың қолөнері» сюжетті сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету «Әшекей бұйымдар дүкені» сюжетті-рөлдік ойын
4 – апта		Нұр төккен, гүл көктем	Балаларға көктем мезгілі туралы екі тілде әңгімелеу, көктем мезгілінің айларын жаттату.	«Көктем» постері. «Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойын
Сәуір 1- апта	Біз еңбекқор баламыз	Аялайық гүлдерді	Гүлдердің түрлі-түсті суреттерін көрсете отырып, олардың қазақша аттарымен таныстыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Топтағы гүлдермен таныстыру.	«Дала гүлдері», «Бөлме гүлдері» дидактикалық материалдары «Гүл шоғын құрастыру» дидактикалық ойын
2- апта		Ас атасы-нан	Балаларға үн өнімдерінің қазақша атауларын үйрету. жаңа сөздерді жаттату . «Дастархан» әнін жаттату.	«Тағамдар» слайды. «Азық – түлік дүкені» сюжетті-рөлдік ойын

3- апта		Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі	Балаларға жәндіктердің қазақша аттарымен таныстыру. Олардың тіршілігі туралы қазақша суреттей білуді үйрету.	«Жәндіктердің бейнелерін құрастыру» дидактикалық ойын
4 – апта		Еңбек бәрін жеңбек	Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс-қимылдарын қазақша айта білуге үйрету. Сөздік қорларын байыту.	«Жақсы деген немене, жаман деген немене?» викториналық сұрақтар жүргізу. «Анамызға көмектесеміз» сюжетті-рөлдік ойын
Мамыр 1- апта	Әрқашан күн сөнбесін!	Достық-біздің тірегіміз (халықтар достығы)	Отанымыздың көп ұлттылығын, ұлттар достығы туралы әңгімелеу. Қазақша атаулардың дұрыс айтылуын қадағалау.	«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» дидактикалық ойын
2- апта		Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан	Балаларды Қазақстан батырларымен таныстыру. Есімдерін есте сақтау	«Біздің батырлар» көрнекті суреттер бойынша әңгімелеу.

		соғысының ардагерлері)	қабілеттерін дамыту.	«Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойын
3- апта		Көңілді жаз	Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру; табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру;	«Жаз мезгілі» әнін жаттату. «Суреттер құрастыру» дидактикалық ойын
4 – апта		Мен жасай аламын	«Сән салоны» ойынын ойнату. «Адамның көркі-шүберек» мақалын жаттату, мағынасын түсіндіру.	Слайдтар жинағы. «Сән салоны» сюжетті-рөлдік ойын

